

## **Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 20 ақпандағы № 57 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 5 наурызда № 35786 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Кадр және тәрбие жұмысы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрі*

*Ч. Аринов*

Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрі  
2025 жылғы 20 ақпандағы  
№ 57 бұйрыққа  
қосымша

## **Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасы азаматтық қорғау органдарының ротацияға жататын басшылық лауазымдарының тізбесін және оларды ауыстыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 8 маусымдағы № 272 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22979 болып тіркелген);

2. "Азаматтық қорғау органдарының кадр резервін қалыптастыру, кадр резервіне алынатын қызметкерлердің біліктілігіне қойылатын талаптарды және кадр резервіне алынған қызметкерлердің ведомстволық деректер банкімен жұмыс істеу қағидаларын

бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 9 тамыздағы № 386 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23995 болып тіркелген);

3. "Қазақстан Республикасы азаматтық қорғау органдарының ротацияға жататын басшылық лауазымдарының тізбесін және оларды ауыстыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 8 маусымдағы № 272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2023 жылғы 1 маусымдағы № 272 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32706 болып тіркелген);

4. "Кейбір бұйрықтарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 697 бұйрығымен бекітілген өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтары тізбесінің 3-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33793 болып тіркелген).